

**«Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» ЖШС
қызметінде Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу
қорытындылары бойынша әзірленген ұсынымдарды іске асыру
жөніндегі іс-шаралар Жоспарының 2021 жылғы 3 тоқсандағы
орындалуы бойынша есеп**

Осы есеп «Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» ЖШС (бұдан әрі – Орталық) қызметінде Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындылары бойынша әзірленген ұсынымдарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар Жоспарының 16-тармағына сәйкес дайындалған және 2021 жылғы 3-тоқсанда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдау бойынша Орталықта атқарылған жұмыс туралы ақпаратты қамтиды.

1. «Конкурстық іріктеу қорытындысы бойынша лауазымға тағайындау рәсімін ұйымдастыру» 1-тармағы бойынша – мерзімінен бұрын орындалды

2021 жылғы 1 қыркүйектегі №54-нқ бұйрығымен Орталықтың Кадр резервін жұмысқа қабылдау және қалыптастыру қағидалары жаңа редакцияда бекітілді.

2021 жылғы 19 тамыз – 15 қазан аралығында Орталық сайтында бос лауазымдарға орналасуға және кадр резервін қалыптастыруға конкурстық іріктеу өткізу туралы жеті хабарландыру жарияланды, оның нәтижелері бойынша жұмысқа төрт адам қабылданды.

2. «Бос жұмыс орындары туралы ақпаратты enbek.kz порталда және сайтта орналастыру» 2-тармағы бойынша – орындалды

«Халықты жұмыспен қамту туралы» ҚР Заңының 28-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, 2021 жылғы 14 шілдеден бастап Электрондық еңбек биржасы (www.enbek.kz) порталында еңбек жағдайлары мен төлемақысын көрсете отырып, Орталықта бос жұмыс орындарының болуы туралы ақпаратты жариялау уақтылы жүзеге асырылады сондай-ақ Орталықтың сайтында қажеттілігіне қарай Бос орындар бойынша конкурстар өткізу туралы хабарландырулар орналастырылады.

3. «Іріктеу кезеңдерін өткізу мерзімдерін белгілеу (бос орын туралы хабарландыруды орналастыру, құжаттарды қабылдау, әңгімелесу, тестілеу)» 3-тармағы бойынша – орындалды

Бос лауазымдарға орналасуға кандидаттарды конкурстық іріктеу кезеңдерін өткізу мерзімдері және бос жұмыс орындары туралы хабарландыру орналастыруды, құжаттарды қабылдауды, әңгімелесуді өткізуді, тестілеуді қоса алғанда, Орталықтың Жұмысқа қабылдау және кадр

резервін қалыптастыру қағидаларында 2021 жылғы 1 қыркүйектегі №54-нқ бұйрығымен бекітілген.

4. «Әңгімелесу мен тестілеуді өткізу үшін сұрақтарды қалыптастыру және қорғау тетігін құру» 4-тармағы бойынша – мерзімінен бұрын орындалды

Бос лауазымдарға орналасуға үміткерлерді сапалы іріктеуді жүргізу мақсатында 2021 жылғы 19 тамызда «Мемлекеттік қызметтің персоналын басқару ұлттық орталығы» АҚ-мен меморандум жасалды, оның шеңберінде бос лауазымдарға орналасуға конкурстарға қатысушылардың жеке қасиеттерін бағалау және кадрлық резервті қалыптастыру жүргізіледі. Мәселелердің қалыптастырылуы мен құпиялылығын жоғарыда аталған орталық қамтамасыз етеді.

Бұдан басқа, конкурстық іріктеуге қатысушылар бос лауазымдарға үміттенетін құрылымдық бөлімшелер қызметінің бағыттары бойынша бейінді сұрақтарын Конкурстық комиссияның хатшысы Конкурстық комиссияның мүшелерінің келісімі бойынша әңгімелесу өткізілетін күні қалыптастырады, бұл олардың құпиялылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

5. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі функциялар құзыретіне кіретін құрылымдық бөлімшені айқындау» 9-тармағы бойынша – орындалды

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» Заңының 16-бабының 3-тармағына сәйкес және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті мен Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі 2021 жылғы 25 ақпанда бекіткен «Есеп комитеті-Адалдық алаңы» жобасының Жарғысын іске асыру шеңберінде 2021 жылғы 13 тамыздағы №47-нқ бұйрығымен Әкімшілік бөлім Орталықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функцияларын атқаратын құрылымдық бөлімшесі болып белгіленді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің негізгі міндеті Орталық пен оның жұмыскерлерінің ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылады, ал оның қызметі ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды ескере отырып жүзеге асырылады.

6. «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту» 10-тармағы бойынша – ішінара орындалды

Орталықта Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі 2021-2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының жобасы әзірленді, оны бекіту а.ж. қазан айында жоспарланып отыр.

Жоспар сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты сақтау, қаржылық бақылау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау, сондай-ақ мүдделер қақтығысын болдырмау және шешу сияқты бағыттар бойынша «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі шараларын қамтиды.